

Соттардың атқарушылық іс жүргізу жөніндегі заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2005 жылғы 20 маусымдағы N 2 нормативтік қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 31 наурыздағы № 1 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 1 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Жеке және заңды тұлғалардың сот орындаушыларының әрекеттеріне дау айту туралы арыздары бойынша азаматтық істерді қарау кезінде заңнама мәселелерін соттардың біркелкі қолдануының қажеттілігіне байланысты Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы

қаулы етеді:

1. Атқарушылық іс жүргізуден туындайтын істерді қарау кезінде осы мәселе бойынша заңнаманың Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттардың нормаларына негізделетінін және "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңынан (бұдан әрі - Заң), Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерінен тұратындығын назарда ұстау қажет.

2. Заңның 31-бабына сәйкес, мәжбүрлеп орындату шараларын қолдану үшін сот орындаушысы Заңмен белгіленген тәртіпте өндіріске қабылдаған атқару құжаты негіз болып табылады.

Атқару құжаттарының тізбесі Заңның 9-бабында келтірілген. Сот орындаушысының әрекетіне (әрекетсіздігіне) жасалған шағымды қарау кезінде сот атқарушылық іс қозғаудың негізділігін де тексеруге міндетті.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2011.12.30 № 5 Нормативтік қаулысымен.

3. Сот орындаушысының атқару құжатын орындау жөніндегі әрекетіне немесе сондай әрекеттерді жасаудан бас тартуына байланысты борышкер немесе өндіріп алушы шағым жасауы мүмкін. Мұндай жағдайларда Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің (бұдан әрі – АІЖК) 240-5-бабына сәйкес, шағым сот орындаушысы әрекет жасаған (әрекет жасаудан бас тартқан) күннен бастап он күннің ішінде немесе әрекет жасау уақыты мен орны туралы

хабарланбаған жағдайда осы аталған адамдарға ол жөнінде белгілі болған күннен бастап сот орындаушысы қызмет көрсететін учаскенің аудандық сотына беріледі.

Сот орындаушысының әрекеттерімен (немесе әрекетсіздігімен) өзге де адамдардың бұзылған құқықтары туралы арыздар АІЖК-нің 27-тарауында көзделген тәртіппен және мерзімде қаралады.

Егер шешімнің орындалуы үшінші жақтардың мүліктік мүдделеріне қатысты болса, онда мұндай адамдар бұзылған құқықтарын қалпына келтіру туралы өндіріп алушы мен борышкерге талап қойып, сотқа жүгіне алады. Сот мұндай істерді талап қою өндірісінде қарайды және сот орындаушысын өз алдына бөлек дербес талап қоймайтын үшінші жақ ретінде, егер талапкер оны үшінші жақ ретінде немесе қосымша жауапкер ретінде тануды сұрамаса, іске қатыстыруға міндетті.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2011.12.30 № 5; 24.12.2014 N 3 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулыларымен.

4. Жеке және заңды тұлғалар сот орындаушыларының әрекеттеріне шағым берген кезде Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі) Қазақстан Республикасы кодексінің (бұдан әрі - Салық кодексі) 541-бабының 14) тармақшасына сәйкес мемлекеттік баж төлеуден босатылады.

Өздеріне қатысты атқарушылық әрекеттер жүргізілген, мүлікке құқығы бар үшінші жақтар талап қойған жағдайда, Салық кодексінің 535-бабы 1-тармағының 1) тармақшасымен көзделген тәртіпте мемлекеттік баж төленуге жатады.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2011.12.30 № 5 Нормативтік қаулысымен.

5. Сот нақтылы атқару құжатын орындауға байланысты сот орындаушысының әрекетіне (әрекетсіздігіне) жасалған шағымдарды қарау кезінде сот отырысының орны мен уақыты туралы сот орындаушысына хабар беруге міндетті.

Сот орындаушысы болмаған (сот орындаушысы жұмыстан босатылған, еңбек демалысында болған, ұзақ уақыт бойы еңбекке жарамсыз болған (10 күннен артық) немесе іссапарда жүрген) жағдайда сот отырысына осы аумақтық бөлімнен басқа сот орындаушысы жіберілуі мүмкін.

Мемлекеттік сот орындаушыларының заңсыз әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) нәтижесінде келтірілген зиянды өтеу туралы талаптар бойынша не сот шығындарын өндіру туралы талаптар қойылған кезде уәкілетті органның облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы аумақтық бөлімшелері (аумақтық органдар) жауапкерлер ретінде қатыстырылуы мүмкін. Атқарушылық

іс жүргізудің қатысушылары және басқа да тұлғалар мемлекеттік сот орындаушыларының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымданған кезде аумақтық органдарды жауапкерлер ретінде тартуға жол берілмейді.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2011.12.30 № 5; 24.12.2014 N 3 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулыларымен.

6. Сот орындаушыларының әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) жасалған шағымдарды, атқару құжаттарының орындалу процесінде үшінші жақтың мүліктік мүдделерін қорғау туралы талаптарды қарай отырып соттар:

- егер атқару құжатында өзгеше тәртіп белгіленбесе, атқару құжаттары бойынша өндіріп алу бірінші кезекте борышкердің ақшасына, оның ішінде банк мекемелерінде жатқан, үшінші жақтағы ақшасына аударылатынын;

- борышты өтеу үшін борышкердің ақшасы болмаған жағдайда төлеттіріп алу борышкерге тиесілі басқа мүлікке аударылатынын назарда ұстауы қажет.

Мүлікті өндіріп алу жөніндегі әрекеттер Заңның 40-бабында көзделген қағидалар бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 24.12.2014 N 3 Нормативтік қаулысымен (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

7. Сот орындаушысының өндіріп алуды борышкерге тиесілі басқа мүлікке (ақшадан басқа) аудару әрекетінің заңсыз екендігі туралы шағым жасалған кезде сот орындаушысының атқарушылық іс жүргізу шеңберінде қандай әрекеттерді жүзеге асырғанын, осы әрекеттердің Заңның 62-63-баптарының талаптарына сәйкестігін, атап айтқанда мүліктің борышкерге тиесілі екендігін, оның нақтылы құнын және оған салынған шектеуді анықтаған-анықтамағанын сот тексеруге тиіс. Мүліктің борышкерге тиесілі екендігін анықтау кезінде сот орындаушысы мүлікті тізімдемеге енгізуге және өндіру көлеміне қарай барлық мүлікке немесе оның бір бөлігіне тыйым салуға тиіс.

Төлеттіріп алу жалпы ортақ меншік болып табылатын мүлікке (мысалы, жұбайлардың меншігі, жекешелендірілген үйге ортақ меншік, жекешелендірілген шаруа (фермер) қожалығы меншігі) аударылған жағдайда сот орындаушысы немесе атқару ісіндегі тарап борышкердің жалпы ортақ меншіктегі үлесін анықтау туралы тиісті ұсыныспен немесе өтінішпен сотқа жүгінуге міндетті. Сот мәселені қараудың нәтижелері бойынша ұйғарым шығарып, онда өндіріп алу борышкердің мүлігіне аударылатын болса, оның осы мүліктегі нақты үлесін белгілейді.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2011.12.30 № 5; 24.12.2014 N 3 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулыларымен.

8. Айналымнан заң бойынша алып қойылған мүлікті қоспағанда, тыйым салу негіздеріне және мүлік түрлеріне қарамастан, сот орындаушысы тыйым салынған мүлікті өткізуді комиссиялық негіздерде сауда ұйымдары арқылы, сондай-ақ электрондық аукцион нысанындағы сауда-саттықта жүргізеді.

Өткізу нысанын сот орындаушысы мүлік түрін, өндіріп алушының және борышкердің пікірлерін ескере отырып айқындайды (Заңның 74-76 баптары).

Сот орындаушысының тыйым салынған мүлікті атқарушылық өндіріс шеңберінде сауда ұйымдары арқылы комиссиялық негіздерде не сауда-саттықта сатпай өндіріп алушыға беру жөніндегі әрекетін заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, сот заңсыз деп тануға тиіс.

Егер борышкердің мүлкі тізімдемеге енгізілмесе және оған тыйым салынбаса, онда мұндай мүлік өндіріп алушы мен борышкердің келісімі (бітімгершілік келісім) бойынша осы мүліктің бағалануына екеуара келіскен кезде және мүліктің құны өндіріліп алуға жататын сомадан аспаған жағдайда атқару құжаты бойынша орындау есебіне өндірушіге берілуі мүмкін.

Ескерту. 8-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2011.12.30 № 5; 24.12.2014 N 3 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулыларымен.

9. Борышкердің басқа мүлкі оған қойылған барлық талаптарды толық қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болған жағдайда сот орындаушысы:

- кепіл ұстаушының кепілге қойылған мүліктің құнынан өз талабын артықшылықпен қанағаттандыру құқығын сақтай отырып, ипотекалық тұрғын үй займының міндеттемесін қамтамасыз ететін жылжымайтын мүлікті қоспағанда, оның үшінші жақта кепілде тұрған мүлкінен өндіріп алуға;

- уәкілетті органды өндіріп алу туралы жазбаша хабардар ете отырып, уәкілетті органның шешімінің негізінде Салық кодексінің 613-бабының тәртібімен пайдалануға шектеу қойылған борышкердің мүлкіне аударуға құқылы

Өндіріп алу аударылған, кепілге қойылған және иелік етуіне шектеу белгіленген мүлікті сату жария сауда-саттық жасау жолымен жүргізіледі.

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2011.12.30 № 5 Нормативтік қаулысымен.

10. Сот орындаушыларының мүлікті заттай беруге байланысты іс-әрекеттеріне шағымдарды қарау кезінде өндірушіге мүлікті төмендегі жағдайларда заттай беруге болатындығын соттың ескергені жөн:

- атқару құжатында көрсетілген белгілі бір заттардың өндіріп алушыға берілгені туралы шешілгенде;

- алғашқы құны бойынша сауда-саттық өткізілмеді деп танылғанда;

- бастапқы құнынан (бағалаудан) жиырма пайызға төмендетілген баға бойынша қайталама аукцион өткізілмеді деп танылғанда;

- өндіріп алушы мен борышкердің арасындағы мүліктің заттай берілуін көздейтін бітімгершілік келісім бекітілгенде.

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 24.12.2014 N 3 Нормативтік қаулысымен (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

11. Мүліктің құны атқару құжатын орындау барысында айқындалған бағасына сәйкес келмеді деген уәж бойынша сот орындаушысының іс-әрекеттеріне шағым келтірілген жағдайда сот оның Заңның 68-бабының талаптарын сақтағандығын тексеруі тиіс.

Сот "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңы талаптарының сақталуын тексереді, мүлікті бағалау кезінде анықталған мән-жайларды меншік құқығын тоқтату кезінде мүліктің нарықтық бағасы негізге алына отырып бағалануын көздейтін АК-нің 257-бабының ережелерін ескере отырып бағалайды.

Мүліктің нарықтық құны деп бәсекелестік жағдайларда иеліктен шығарылуы мүмкін мүлік бойынша ықтимал сатып алушылар үшін осы мүлік туралы барлық қолжетімді мәліметтер ұсынылған кезде әлдеқайда ықтимал баға қойылуын түсінген жөн.

Мұндай дауларды сот АІЖК-нің 240-5-бабында белгіленген қағидалар бойынша қарайды.

Ескерту. 11-тармаққа өзгерісте енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2011.12.30 № 5; 24.12.2014 N 3 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулыларымен.

11-1. Сот бастапқы сату құнын анықтаған, кепілге қойылған мүліктен өндіріп алу туралы заңды күшіне енген соттың шешімі болған жағдайда осы шешімді орындау барысында қайтадан бағалау талап етілмейді. Соттар мұндай шағымдарды (өтініштерді) АІЖК-нің 153-бабының 1-бөлігінің 1) тармақшасына сәйкес қабылдаудан бас тартуға тиіс.

Ескерту. Нормативтік қаулы 11-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Жоғарғы Сотының 24.12.2014 N 3 Нормативтік қаулысымен (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

12. Заңның 124-бабында борышкерден атқарушылық санкцияны өндіру мүмкіндігі көзделген. Егер мемлекеттік сот орындаушысы атқарушылық құжат толық орындалғаннан кейін борышкерге өндіріп алынған соманың немесе мүлік құнының он пайызы мөлшерінде немесе мүліктік емес сипаттағы атқарушылық құжаттар бойынша жеке адамдардан он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде және заңды тұлғалардан жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде мемлекет

кірісіне атқарушылық санкциясын ерікті түрде төлеуді ұсынса және борышкер осындай әрекеттерді жасаудан бас тартса, осылай өндіріп алуға болады.

Атқару санкциясы атқару құжатын өз еркімен орындамаған борышкердің мүлiктік жауапкершілігінің дербес түрі болып табылады.

Толық мәжбүрлеп орындату деп атқару құжаты сот орындаушысының өндірісінде болған кезеңде атқару құжатының толық көлемде мәжбүрлеп орындалуы деп түсінген жөн. Осыны негізге ала отырып, сот орындаушысының Заңның 32-бабында аталған атқару құжаттарының орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдау туралы әрекеті, сондай-ақ хатталған және тыйым салынған мүлiктерді сату бойынша қабылданған шаралар, борышкердің еңбекақысы мен басқа да табыстарынан, басқа тұлғалардың қолындағы мүлкінен өндіріп алу мәжбүрлеп өндіріп алу шаралары ретінде бағалануға тиіс.

Ескерту. 12-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2011.12.30 № 5; 24.12.2014 N 3 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулыларымен.

13. Борышкерден атқарушылық санкцияны өндіру сот орындаушысының атқарушылық құжат болып табылатын (Заңның 9-бабы) қаулысы негізінде жүзеге асырылады, қаулы АІЖК-нің 240-5-бабында көзделген тәртіппен сотта шағымдалуы мүмкін.

Мемлекеттік сот орындаушысының атқарушылық санкцияны өндіріп алу жөніндегі, ал жекеше сот орындаушысының атқарушылық әрекеттерді жасаған кезде жұмсаған шығыстарын өндіріп алу және оның қызметіне ақы төлеу әрекеті негізгі өндіріп алу іске асырылған атқарушылық өндірісте жасалады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Жоғарғы Сотының 2011.12.30 № 5 Нормативтік қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 24.12.2014 N 3 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

13-1. Апелляциялық (кассациялық) шағымды қабылдаудан бас тарту АІЖК-ның 22-бабының талаптарына сай келмейді. АІЖК-нің 240-5-бабының тәртібімен шағымды қанағаттандыру немесе оны қанағаттандырудан бас тарту туралы шығарылған шешімдерге заңда белгіленген тәртіппен шағымдануға және наразылық келтіруге болады.

Ескерту. Нормативтік қаулы 13-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Жоғарғы Сотының 24.12.2014 N 3 Нормативтік қаулысымен (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

14. Алынып тасталды - ҚР Жоғарғы Сотының 2011.12.30 № 5 Нормативтік қаулысымен.

15. Қазақтан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес, осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына енгізіледі және жалпыға

бірдей міндетті болып табылады әрі ол ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы

Жоғарғы Сотының Төрағасы

Қазақстан Республикасы

Жоғарғы Сотының судьясы,

жалпы отырыс хатшысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК